

**«Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес  
компаниясы» акционерлік қоғамы**

**«Қазақстан Халық Банкінің  
өмірді сақтандыру бойынша  
«Халық-Life» еншілес компаниясы»  
акционерлік қоғамы  
Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді  
2015 жылғы 08 мамырдағы №39 хаттама**

**«Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым  
оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес  
Аннуитеттік сақтандыру қағидасы**

Алматы қаласы,  
2015

### 1-бап. Жалпы ереже

1.1. Осы Аннуитеттік сақтандыру қағидасы (бұдан әрі мәтін бойынша – Қағида) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» заңына, Қазақстан Республикасының «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» заңына (бұдан әрі мәтін бойынша – Заң), Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген және «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандырушы) мынадай сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – аннуитет шарты) жасасу тәртібін айқындайды:

1.1.1. еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда Сақтанушы қызметкерінің пайдасына аннуитеттік сақтандыру;

1.1.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтанушы қызметкерінің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар тұлғалардың пайдасына аннуитеттік сақтандыру.

1.2. Аннуитет шартындағы Сақтанушының немесе оның өкілінің қолы, оның осы Қағидамен толық келісетіндігінің растауы болып табылады.

### 1.3. Терминдер мен анықтамалар:

1) **Сақтандырушы** – «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы.

2) **Сақтанушы** – аннуитет шартын жасасқан тұлға.

3) **Сақтандырылушы (әрі қарай – мәтін бойынша – Аннуитент)** – жеке тұлға, Сақтанушының зардап шеккен қызметкері немесе Заңға, Азаматтық кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар тұлға.

4) **Пайда алушы** – Аннуитент аннуитет шарты бойынша бір мезгілде Пайда алушы болып табылады.

5) **Сақтандыру сыйлықақысы** – сақтандыру жағдайы орын алған кезде аннуитет шартында айқындалған мөлшерде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін өзіне қабылдағаны үшін Сақтандырушыға төленуі тиіс ақша сомасы.

6) **Сақтандыру төлемі (аннуитеттік төлем)** – сақтандыру жағдайы орын алған кезде, Сақтандырушы Пайда алушыға төлейтін ақша сомасы.

7) **Сақтандыру жағдайы** – Аннуитенттің әрбір кезекті аннуитеттік төлем күніне дейін өмір сүруі, ол өткеннен кейін аннуитеттік төлем жүргізіледі.

8) **Аннуитеттік сақтандыру шарты** (әрі қарай – аннуитет шарты) – сақтандыру шарты, Сақтандырушы оған сәйкес аннуитет шартында белгіленген мерзім ішінде Пайда алушының пайдасына мерзімді төлемдер түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті;

9) **Кәсіптік еңбекке қабілеттілік** - қызметкердің белгілі бір біліктілік, көлемдегі және сападағы жұмысты орындауға қабілеттілігі;

10) **Еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі** – қызметкердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау қабілетінің төмендеу деңгейі.

### 2-бап. Сақтандыру объектісі

2.1. Аннуитенттің өмір сүру ұзақтығына байланысты Аннуитенттің мүліктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады.

### 3-бап. Сақтанушы

3.1. Сақтанушы – Сақтандырушымен аннуитет шартын жасасқан тұлға.

3.2. Жұмыс беруші Сақтанушы болып табылады, ол Заңға және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (бұдан әрі – Азаматтық кодекс) сәйкес, қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оған келтірілген зиянды өтеу мақсатында аннуитет шартын

жасасуға міндетті.

3.3. Өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты деп танылған заңды тұлға таратылған жағдайда, аннуитет шарты зардап шеккен қызметкермен немесе Заңда көзделген тәртіпте, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар тұлғамен жасалады.

#### **4-бап. Аннуитент**

4.1. Аннуитент – жеке тұлға, Сақтанушының зардап шеккен қызметкері немесе Заңға, Азаматтық кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар тұлға болып табылады.

#### **5-бап. Пайда алушы**

5.1. Аннуитет шарты бойынша Аннуитент бір мезгілде Пайда алушы болып табылады.

#### **6-бап. Сақтандыру жағдайы**

6.1. Сақтандыру жағдайы – Аннуитенттің әрбір кезекті аннуитеттік төлем күніне дейін өмір сүруі, ол өткеннен кейін аннуитеттік төлем жүргізіледі.

6.2. Сақтандыру жағдайларынан алып тастау және сақтандыруды шектеу Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

#### **7-бап. Аннуитеттік төлемдердің мөлшері, мерзімдері және жүзеге асыру тәртібі**

7.1. Аннуитеттік төлемнің мөлшері Сақтанушы өтеуге тиіс зиян мөлшерінде белгіленеді және аннуитет шартында көрсетіледі. Аннуитеттік төлемдердің мөлшерін қайта есептеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

7.2. Денсаулықтың зақымдануына немесе қайтыс болуына байланысты төленетін зиянды өтеу сомасы жыл сайын, инфляцияның болжамды деңгейінің орташа мәніне барабар ұлғаяды.

7.3. Аннуитеттік төлем, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес, сот Аннуитентке бір жолғы тиесілі төлемдерді белгілеген, бірақ үш жылдан аспайтын жағдайларды қоспағанда, аннуитет шартында белгіленген мерзімнен кешіктірмей ай сайын жүзеге асырылады.

7.4. Аннуитеттік төлемдер аннуитет шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

7.5. Сақтандырушы оларды төлеу үшін негіздеме тоқтатылғаннан кейін жүзеге асырған аннуитеттік төлемдерді алған тұлға, оларды Сақтандырушыға қайтаруға тиіс. Қайтармау (толық қайтармау) аннуитеттік төлемдер сомасын сот тәртібімен талап ету үшін негіз болып табылады.

7.6. Сақтандырушыда аннуитет шартын орындау үшін қажетті барлық растайтын құжаттар болған жағдайда, аннуитеттік төлемдер Аннуитенттің өтінішінде көрсетілген банктік шотқа аударылады.

7.7. Аннуитеттік төлемдерге салық салу Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

7.8. Табысты (кірісті) жоғалтуға байланысты зиянды өтеу ретінде Сақтандырушы жүзеге асыратын аннуитеттік төлемдерден міндетті зейнетақы жарналары ұсталады және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударылады.

7.9. Аннуитеттік төлемді Аннуитенттің банктік шотына аудару кезінде банктік қызметтерге ақы төлеу Сақтандырушының қаражаты есебінен жүргізіледі.

7.10. Аннуитент еңбек (қызмет) міндеттерін орындау кезінде оның жоғалтқан табысына қатысты аннуитеттік төлемдер, еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесін белгілеу мерзіміне, бірақ ол зейнеткерлік жасқа жеткеннен аспайтын мерзімге жүргізіледі.

7.11. Аннуитеттік төлемдер, Сақтанушы қызметкерінің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде аннуитет

шартында белгіленген мерзімдер ішінде жүзеге асырылады.

7.12. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтанушының іс-әрекеті, аннуитеттік төлемдерді жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың тізбесі, сондай-ақ аннуитеттік төлемдерді жүзеге асырудан бас тарту немесе жүзеге асыру туралы шешім қабылдау мерзімі аннуитет шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

### **8-бап. Аннуитета Аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау және оны төлеу тәртібі**

8.1. Сақтандыру сыйлықақысы және оны төлеу тәртібі аннуитет шартында айқындалады.

8.2. Пайда алушы аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге тиіс емес.

8.3. Аннуитет шарты бойынша сақтандыру сомасы Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

### **9-бап. Аннуитет шартын жасасу тәртібі**

9.1. Қызметкерге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеген немесе оны ұзартқан (қайта куәландырған) немесе ол қайтыс болған жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушымен қызметкердің немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар адамның пайдасына аннуитет шартын жасасуға міндетті.

9.2. Аннуитет шарты, зардап шеккен қызметкердің немесе қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар тұлғалардың, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде белгіленген мөлшерде және мерзімде табысты алуын қамтамасыз ететін талаптарда жасалады. Аннуитет шарты, оның қолданылу кезеңінде сақтандыру жағдайы орын алған – қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасқан Сақтандырушымен жасалады.

9.3. Аннуитет шартына қойылатын талаптар және Сақтандырушының жасалатын аннуитет шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

### **10-бап. Аннуитет шартының қолданылу мерзімі мен орны**

10.1. Егер аннуитет шартында өзгеше көзделмесе, ол сақтандыру сыйлықақысы толық көлемде төленгеннен кейін, бірақ кез келген жағдайда ол жасалған күннен ерте емес күшіне енеді және аннуитет шартында белгіленген күнге дейін қолданылады. Аннуитет шартының қолданылу орны шектелмеген.

### **11. Аннуитет шартына өзгерістер енгізу тәртібі, аннуитет шартын тоқтату, мерзімінен бұрын тоқтату және жарамсыздығы**

11.1. Аннуитет шартына өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың бірінің өтініші негізінде жүзеге асырылады.

11.2. Аннуитет шартына өзгерістер мен толықтырулар, Тараптардың осындай енгізуге жазбаша нысанда келісімі болған жағдайда енгізіледі және аннуитет шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қосымша келісімде көрсетілген күннен бастап, ал егер күні көрсетілмесе - Тараптар қосымша келісімге қол қойған күннен бастап күшіне енген болып саналады.

11.3. Қағидада көрсетілмеген өзгерістер мен толықтыруларды енгізу жағдайлары мен тәртібі Тараптардың келісімімен айқындалады.

11.4. Орналасқан жері өзгерген кезде Сақтанушы он күн мерзімде, Сақтандырушыға жаңа мекенжайы туралы хабарлауға міндетті. Кері жағдайда Сақтандырушының алдыңғы орналасқан жерінің мекенжайы бойынша жолданған кез келген хат-хабарды, Тараптар орындаған (жарамды) болып саналады.

11.5. Аннуитет шарты мына жағдайларда өз қолданысын тоқтатады:

11.5.1. аннуитет шартының қолданылу мерзімі аяқталған;

11.5.2. аннуитет шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан;

11.5.3. Аннуитенттің/Аннуитенттердің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген зиянды өтеу құқығы тоқтатылған;

11.5.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жағдайларда.

11.6. Аннуитет шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

11.7. Аннуитет шартын жарамсыз деп тану негіздері мен салдары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес айқындалады.

## **12-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

### **12.1. Сақтанушының құқығы бар:**

12.1.1. Сақтандырушының аннуитет шартының талаптарын сақтауын тексеруге;

12.1.2. Сақтандырушыдан аннуитет шартына сәйкес қабылдаған міндеттемелерді орындауын талап етуге;

12.1.3. аннуитет шартында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

### **12.2. Сақтанушы міндетті:**

12.2.1. аннуитет шартына қол қойғанға дейін растайтын құжаттармен бірге Сақтандырушы белгілеген нысандар бойынша мәліметтерді ұсынуға;

12.2.2. Аннуитент аннуитет шарты бойынша зиянды өтетуге құқығын жоғалтатын, Аннуитенттің тұрғылықты жерінің өзгеруі немесе Аннуитенттің қайтыс болғаны туралы ақпарат немесе басқа да мән-жайлар болған кезде, осындай ақпаратты алған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде, хабар беру фактісін объективті тіркеуге мүмкіндік беретін кез келген қолжетімді тәсілмен Сақтандырушыға хабарлауға міндетті;

12.2.3. Аннуитентті аннуитет шартымен таныстыруға;

12.2.4. Аннуитенттің Сақтандырушыға жыл сайын, сақтандырудың әрбір жылдығы күніне (аннуитет шартын жасасу күні) дейін күнтізбелік 30 күн ішінде, Аннуитенттің тірі екендігін растайтын кез келген дәлелдемені ұсынуын қамтамасыз етуге:

- оны ұсыну сәтіне дейін бір айдан кешікпеген мерзімде, Аннуитенттің жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесін Сақтандырушыға ұсынуға;

- Сақтандырушының аймақтық өкілдіктеріне/филиалдарына Аннуитенттің жеке келуі. Сақтандырушының Қағиданың 12.2.4-тармағында көрсетілген дәлелдемелерді ұсынбауы, олар ұсынылған сәтке дейін аннуитеттік төлемдерді тоқтата тұру үшін негіз болып табылады;

12.2.5. аннуитет шартында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындауға.

### **12.3. Сақтандырушының құқығы бар:**

12.3.1. Сақтанушы хабарлайтын ақпаратты, сондай-ақ аннуитет шартының талаптары Сақтанушымен орындалуын тексеруге;

12.3.2. егер Сақтанушы көрінеу жалған мәліметтер берсе, аннуитеттік төлемнен бас тартуға;

12.3.3. Сақтанушыдан аннуитет шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындауын талап етуге;

12.3.4. қажет болған жағдайда Сақтанушының қосымша ақпарат беруін талап етуге;

12.3.5. аннуитет шартында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

#### **12.4. Сақтандырушы міндетті:**

- 12.4.1. аннуитет шарты күшіне енгеннен кейін аннуитет шартында келісілген мерзім ішінде аннуитеттік төлемдерді жүзеге асыруға;
- 12.4.2. сақтандыруқұпиясын қамтамасыз етуге;
- 12.4.3. аннуитет шартында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді орындауға;
- 12.4.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, аннуитет шартын жасасу және орындау барысында Сақтандырушыға белгілі болған Сақтанушының конфиденциалды ақпаратын жария етпеуге;
- 12.4.5. аннуитеттік төлемді жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар анықталған сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде, бұл туралы Сақтанушыға жазбаша хабарлама жіберуге.

#### **12.5. Аннуитенттің құқығы бар:**

- 12.5.1. Сақтандырушыдан, оның пайдасына жасалған аннуитет шарты бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындауын талап етуге;
- 12.5.2. оның пайдасына жасалған аннуитет шартымен және Қағидамен танысуға;
- 12.5.3. аннуитет шартында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

### **13. Дауларды шешу тәртібі. Қосымша талаптар**

- 13.1. Аннуитет шарты бойынша туындайтын даулар келіссөздер жолымен шешіледі. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен шешіледі.
- 13.2. Егер аннуитет шартында өзгеше көзделмесе, Қағида мен аннуитет шартының талаптары әртүрлі оқылған жағдайда, Қағида басым күшке ие болады.
- 13.3. Қағидамен және аннуитет шартымен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.